



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

20___ ЖЫЛҒЫ _____

№ _____

№ 502-НҚ от 26.08.2025
Астана қаласы

город Астана

Мемлекеттік архивтер өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 328) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві республикалық мемлекеттік мекемесі өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Орталық мемлекеттік архив» республикалық мемлекеттік мекемесі өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Орталық мемлекеттік кино-фото құжаттар мен дыбыс жазбалары архиві» республикалық мемлекеттік мекемесі өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві» республикалық мемлекеттік мекемесі өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар бекітілсін.

2. «Мемлекеттік архивтер өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 12 ақпандағы № 37 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22207 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электронды түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықты күшіне енгеннен кейін үш жұмыс күн ішінде осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген Министрліктің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдарға жұмыс үшін және олардың интернет-ресурсына орналастыру үшін жолдауды.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрі**

А. Балаева

Келісiлдi
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Подписано
25.08.2025 18:35 Балаева Аида Галымовна



Министерство культуры и информации Республики Казахстан - Әлімханов Е.Б.